

Қазақ ұлттық техникалық университеті мен Қазақ мемлекеттік сәулет-құрылыс академиясының мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 30 желтоқсан N 1488. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.04.02. N 465 қаулысымен. ~P970465

Республиканың нарықтық қатынастарға өту кезеңінде халық шаруашылығының жоғары білікті мамандарын даярлауды жетілдіре түсу үшін жағдай туғызу мақсатында, өткізілген аттестацияның қорытындыларын және басты жоғары оқу орындарына жүктеліп отырған міндеттерді ескере келіп Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Білім министрлігі 1995 жылдан бастап Қазақ ұлттық техникалық университеті мен Қазақ мемлекеттік сәулет-құрылыс академиясын жоғары оқу орындарына белгіленген еңбекақы ставкаларына 1.75 көтеріңкі

коэффициентін белгілеп ұстауға республика бюджетінен қаржы бөлуді көздесін.

<*>

Осы жоғары оқу орындарының профессор-оқытушы құрамының саны 5 студентке 1 оқытушыдан келетін арақатынас бойынша белгіленсін.

ЕСКЕРТУ. Қаулыға өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.01.11.

N 53 қаулысымен.

P960053_

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК